

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖӘНЕ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ.

Маратов Талғат

aaa_kkk14@mail.ru

Гумилев атындағы ЕҰУ дене шынықтыру және спорт мамандығының 2 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.К. Уразбаева

Патриоттық мәселенің орны мен мекені – Отан. Ал оның мазмұны туған жер, оның байлықтары, тіл, дәстүр, жалпы ұлттық құндылықтармен толығады. Олардың адам көкірегіне жылылық, туыстық, жақындық сезімдерін ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы [3, 280б].

Қазақстандық патриотизмге келсек, ол тек қазақтардың ғана өз жеріне деген сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысы бар мәселе. Бірақ ешкім елін, жерін, өзі ішіп отырған суын күшпен, зорлықпен сүйгізе алмайды.

Елін сүю - әркімнің жеке ісі, өз арының ісі. Сөйтсе де, бұл өте маңызды мәселе. Бұл сезім әркімге, әр кезеңге, әртүрлі жаста оянып, кейін кәмелетке келгенде біржола буыны қатып тәжірибемен, жаспен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның әсерімен қалыптасады. Жалпы патриоттық сезімнің қайнар көз - ол отбасы.

Жастарды тәрбиелеуге қажетті негізгі адамгершілік қасиет, елжандылық. «Туған елін сүю сезімі туа біткен сезім болып табылмайды, оны адамға табиғат тарту етпейді. Елжандылықты қоғам мен жекелеген адамдар бойға сіңіріп, дамытып, тиісті деңгейге көтереді. Отбасы мен мектеп жастарды асқақ елжандылық сезімге тәрбиелеуге тиіс», - дейді Спандияр Көбеев. Елжандылыққа тәрбиелеуде азаматтық, қоғамдық білім, география, жаратылыстану, әдебиет пәндерінің алатын орны ерекше. Оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеуде алуан түрлі әдістерді пайдалануға болады. Бірақ бұл жұмыс тек мектеп ішінде, сыныпта, тек сабақ үстінде жүргізіледі деп ұғыну, қате екенін ұғыну керек. Отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруда сыныптан тыс уақыттарда өткізілетін іс-шаралардың тигізер пайдасы мол. Нақтылап айтқанда, әр өткізілетін іс-шара мазмұндылығымен ерекшеленуі керек. Қолданылған әдіс-тәсілдер өз үйлесімін тауып, оқушылардың ойына дөп тиіп жатса, мұнан артық жеміс болар ма. Қазақстандық патриотизмнің негізгі қазақ мемлекетіне деген сүйіспеншілік, ұлтына, сезіміне, намысына, саяси көзғарасына қарамастан, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп отырған мемлекетін- «Отаным» деп тануы, оның негізін құрап отырған қазақ ұлтына сыйластық, оның зандарына бас ию, рәміздеріне құрмет, жетістігіне сүйсініп мақтану, патриотизмнің белгілері болуы керек.

Қоғамның өз азаматтарына қызмет етуі адамның өзіне байланысты екені белгілі. Бұл қоғамның жай күйі оның әрбір азаматына байланысты деген сөз. Демек, қазақ республикасының тәуелсіздігі мен егемендігінің нығайып дамуының басты шарттарының бірі оның азаматтарының патриотизмі. Жастарға патриоттық, толеранттық тәрбие беру маңыздылығы мынада:

- қазақтың өз ана тілінде сөйлеуі.
- балаларына ұлттық тәрбие беруі.
- ұлттық мінез, жүріс-тұрыс қалыптастыру.
- адамгершілік қасиеттер: ізет, құрмет, қайырым, мейірім сезімдерін жетілдіру.
- ұлттық мәдениетті бәрінен жоғары қою.
- өз ұлтын мақтан ету, қуану жақсы жақтарымен басқа ұлт өкілдеріне таныта білу.
- Өзге ұлттарды жатырқамау.
- Өзінді сыйласаң, басқалар сені құрметтейтіндігін ұмытпай жадында ұстау.
- Қазақ ұлтының бірегейлігін сақтап, дамытуға қызмет ету.

- Қазақ ұлтын мемлекет иесі, қалған басқа ұлттарды осы мемлекет заңдарын сыйлайтын парасатты азаматтары деп қарау.

Басқа ұлттардың қазақ халқының дәстүрін сыйлауы, олардың қазақ мемлекетінің намысын қорғауы, қазақ елін жатсынбай, жүрегімен сүйе білуі, ұлттық тіл, дін ділімізді сақтауға кедергі жасамай қолдау тауып жатса, міне осыларды «Қазақстандық патриотизм» дейді.

Қазақстандық патриотизмдік тәрбиесін жандандыру үшін біздің бүгінгі алдымызда тұрған негізгі міндеттер:

- Еліміздің туын, елтаңбасын, әнұранын, қастерлеу, құрмет тұту.
- Ұлтаралық жарасым ахуалын көздің қарашығындай сақтау.
- Ұлтаралық жарастықтың негізгі ұйтқысын қазақ халқы өз мойнына алу керек.
- Әлемдік «жаһандану» мәселесіне төтеп беру жұмыстарының жүргізілуі.
- Мәдени мұра бағдарламасын онан ары дамыту.
- Бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылу [1, 185 б].

Сонымен бірге Елбасының Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІ сессиясындағы баяндамасында атап өтуінше, тәуелсіздік жылдары ішінде елімізде бірде-бір этнос өз тілін жоғалтқан жоқ. Қазақ жері осылайша жүзден астам этностың басын біріктіріп отыр. «Әрине, барлық осы этникалық көптүрлілік бір ұлт болу үшін жақсы цемент қажет. Бүгінде, ұлттық цементтейтін басты фактор - қазақ тілі мемлекеттік тіл болып отыр», - деді Елбасы. Яғни, мемлекеттік тілге деген құрмет аясының кеңеюі [7, 2 б].

Тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көздейтін патриотизм белгілі бір уақытпен шектелетін науқандық шара емес. Сондықтан Елбасының халыққа жасаған «Қазақстан - 2050» стратегиясында «Мәңгілік ел» стратегиясы – патриоттық тәрбие жүйесін нысаналы дамыту арқылы азаматтардың бойындағы жоғары патриоттық сананы қалыптастыруды, өз елі үшін мақтаныш сезімін оятып, Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтың борышы мен конституциялық міндеттерін орындауға деген дайындығын тәрбиелеу мақсатын алға қояды [6, 9 б].

Қоғамдық бірлікті, қазақстандық патриотизмді ту етіп ұстау арқылы ғана біз алдымызға болашағы күшті, өркендеп, дамыған Қазақстан елі туралы ұлы мақсаттар қоя аламыз. Ел өміріндегі мәні мен маңызы орасан зор осынау саяси оқиға қарсаңында біз көп ұлтты Қазақстан халқын бір атаның балаларындай еліміздің өркениетті дамуы жолындағы игілікті іске жұмылдырып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстырып, елімізде тұрақтылықты сақтау мен оның дамуына аса зор үлес қосып келеді. Ең бастысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі нәтижесінде елімізде этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциялық һәм азаматтық құқықтары мен еркіндігін толық қолдана алатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Сөйтіп, Қазақстанның көп-этностық кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік берік орнады. Қазақстан халқы Ассамблеясының алдына қойған басты мақсаты және түбегейлі міндеті - этносаралық қатынас саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, . Осы мақсатта халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негізін қалаушы құндылықтар бойынша қоғамдық келісімді қолдап, дамыту, қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің көріністеріне тойтарыс бере отырып, азаматтардың құқықтық бостандықтарына қысым жасауға жол бермеу, азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру, жас ұрпақтың бойына ең алдымен, "ұлтжандылық", отансүйгіштік", "патриотизм" ұғымдарын сіңіру деа осы ұйымның төл парызы. Ынтымақ ұйытқысына айналған ұйым бұл мақсаттарды жоғары деңгейде орындап келеді [7, 10 б].

Бұл – Елбасы Жолдауын жүзеге асырудағы қоғам үшін аса маңызды құндылық. Жасыратыны жоқ, дәл қазір ел патриотының тұлғасын жасақтау жағы кемшіл. Сол себепті, бұл мәселеге шығармашылық тұлғадан бастап, қоғамның әрбір мүшесі жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге атсалысқаны дұрыс. Сондықтан да осы тақырыпты конференцияда

ортаға салып отырмын. «Тәуелсіз елді өз қолымен құрған буыннан басталған ұлы істерді кейінгі ұрпақтың лайықты жалғастыратынына кәміл сенемін. Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз. Мен болашақ дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болғандықтан спорт саласы бойынша айтқым келеді. Мысалы, Лондон Олимпиадасында біздің спортшыларымыз 205 ұлттық құрама арасынан 12-орын алды. Олимпиададағы жеңіс салтанаты халқымызды одан әрі біріктіре түсті, патриотизмнің ұлы күшін танытты.

Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі. Қазақстанның болашағын мен қалай елестетемін? Мен 2050 жылғы қазақстандықтар – үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы екеніне толық сенімдімін. Олар – әлемнің азаматтары. Олар саяхаттап жүреді. Олар жаңа білім меңгеруге құштар. Олар еңбексүйгіш. Олар – өз елінің патриоттары. Қорыта келгенде, осы жоғарыда баяндалғандай оқушының көкейіне әр түрлі іс-әрекеттер арқылы ой сала білсек, үлгі көрсетсек заманға сай, қоғамға керекті отансүйгіш патриот, елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейміз. Халқымыздың отаншылдық рухы жоғары болып әрдайым асқақтай берсін деген алау сезімді жолдаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Азаматтық және басқаруға қатысу 21 ғасыр қоғамындағы сіздің рөліңіз: Қ.Р-ның жалпы білім беретін мектептеріне арналған оқу құралы. Екінші бөлім: IFES, 2006 ж. 185 б.
2. Азаматтық білімге кіріспе: Жоғары сыныптарға арналған оқу құралы. – Алматы: «Кітап», 2002 ж. 256 б.
3. Баршаға арналған демократия. Жоғары сыныптарға арналған оқу құралы. – Алматы: Master Print, 2004 ж. 280 б.
4. Болашаққа жол тартқан Қазақстан. Piling offset printing Co. Ltd, 1998 ж.
5. Сапарғалиев Г., ҚР Конституциясының құқық. «Жеті жарғы» Алматы, 1998.
6. «Қазақстан - 2050» стратегиясы
7. Елбасының Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІ сессиясындағы баяндамасы.

УДК 796.332

ФУТБОЛ, КАК ОДИН ИЗ МАССОВЫХ ВИДОВ СПОРТА

Мендыбаев Владислав Сергеевич

meduza07@bk.ru

студент 2 курса специальности

физическая культура и спорт ЕНУ им.Л.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Н.А.Моисеева

Развитие массового спорта в современном казахстанском обществе – это актуальный вопрос чрезвычайной важности. Необходимо остановить ухудшение здоровья наших граждан, прежде всего детей и молодежи, принять радикальные меры по формированию здорового образа жизни. Поэтому проблема формирования, а затем поддержания высокого уровня физической активности, утверждения ЗОЖ средствами физкультуры, спорта и туризма является весьма актуальной.

На сегодняшний день здоровый образ жизни становится в Казахстане общенациональной идеей.

Стратегия-2050: Физическая культура и спорт — особая забота государства. С 2013 года объектов массового спорта в Казахстане будет больше. Такое поручение в недавнем Послании народу страны озвучил недавно Лидер нации. Развитие массового спорта в Казахстане - задача не только Министерства туризма и спорта РК, это проблема всего